

«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Бекітемін
«Ғұмарбек Дәукеев атындағы
Алматы энергетика және
байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының ректоры
С.С. Сагинтаева
2020 ж.



«AUES FEST» ФЕСТИВАЛІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

1-БАСЫЛЫМ

Қол қойылған күннен бастап күшіне енеді

Алматы, 2020 ж.



Мазмұны

| | |
|--|---|
| Құжат төлқұжаты | 3 |
| Келісу парағы | 4 |
| 1. Жалпы ережелер | 5 |
| 2. Фестивальдің мақсаттары мен міндеттері | 5 |
| 3. Фестивальді өткізу шарттары мен тәртібі | 5 |
| 4. Талаптар және қатысушыларды марапаттау | 6 |
| 5. Жеңілдіктер беру және қайтару тәртібі | 8 |
| 6. Ұйымдастыру комитеті | 8 |
| 7. Фестивальдің қазылар алқасы | 8 |
| 8. Байланыс ақпараты | 9 |
| 9. Қорытынды | 9 |

Танысу парағы

| Құжат төлқұжаты | |
|-------------------------------|---|
| Құжат түрі | Ұйымдастырушылық құжаттама |
| Құжат атауы | «AUES Fest» фестивалі туралы ереже |
| Құжат мақсаты | Фестиваль қызметін сипаттау және регламенттеу: жалпы ережелер, өткізу тәртібі, негізгі мақсаттары мен міндеттері, қатысушыларға қойылатын талаптар, марапаттау рәсімі |
| Әзірлеген | Тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы |
| Келісілген | Тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Академиялық қызмет жөніндегі проректор Экономикалық жоспарлау департаментінің директоры Маркетинг департаментінің директоры Қаржы және есеп департаментінің директоры Жастар саясаты департаментінің директоры Заң кеңесшісі Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің жетекші маманы Мемлекеттік тіл және аударма бөлімінің бастығы |
| Бекіткен | Ректор |
| Құжат орындаушылары | Университет жұмыскерлері |
| Орындалуын бақылаушы | Академиялық қызмет жөніндегі проректор |
| Құжатқа қосымша | Бар |
| Ерекшелігі | Жоқ |
| Нормативтік сілтемелер | |
| Түпнұсқа иесі | Сапа менеджмент жүйесі бөлімі |

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «AUES Fest» фестивалі туралы ереже (бұдан әрі - АҒ) АҒ мақсаттары мен міндеттердің, өткізу тәртібін, қатысушыларға қойылатын талаптарды, Ұйымдастыру комитетінің жұмыс регламентін, қатысушыларды іріктеу өлшемдерін және жеңімпаздарды анықтауды, марапаттаудың формалары мен рәсімдерін анықтайды.
- 1.2 Мектептердің 10-12 сынып оқушылары мен колледждің бітіруші түлектерінің арасындағы фестивальді «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - АЭЖБУ КеАҚ) өткізеді.
- 1.3. 10-12 сынып оқушылары және колледждердің соңғы курсындағы (бұдан әрі - Қатысушы) білім алушылар фестивальге ерікті түрде қатысады.
- 1.4 Фестиваль қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып өткізіледі.
- 1.5 Фестивальге қатысу тегін.
- 1.6 Фестивальдің Ұйымдастыру комитеті ерекше қажеттіліктері бар Қатысушыларға бірдей жағдай жасау үшін арнайы іс-шараларды (ақпараттық және техникалық) қарастырады.
- 1.7 Сертификаттарды тапсыру Университет негізінде жүзеге асырылады. Марапаттау уақыты мен күнін Ұйымдастыру комитеті қосымша хабарлайды. Ұйымдастыру комитеті басқа қалалық Қатысушылардың және олармен біріге келгендердің көліктік және басқа шығындарын өтемейді.

2. Фестивальдің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Мақсаттары:

- 2.1.1. Фестивальдің бейінді бағыттары бойынша дарынды білім алушыларды анықтау және олардың зерттеу және шығармашылық қызметіне деген қызығушылықтарын дамыту;
- 2.1.2 Білім алушыларды кәсіптік бағдарлау;
- 2.1.3 АЭЖБУ брендін дамыту.

2.2. Міндеттері:

- 2.2.1 Әлеуетті талапкерлердің көп санын қамту;
- 2.2.2 Дарынды білім алушыларды анықтау және іріктеу.

3. Фестивальді өткізу шарттары мен тәртібі

3.1 Фестиваль үш кезеңнен тұрады:

- 3.1.1. 1-кезең - Фестиваль қатысушысы «Мен АЭЖБУ-ды таңдаймын» тақырыбында шығармашылық ролик түсіруі керек (30 секундтан 60 секундқа дейін);
- 3.1.2 2-кезең - логикалық тест тапсырмалары;
- 3.1.3 3 кезең - жалпы білім беретін пәндер бойынша тест тапсырмалары.
- 3.2. Фестивальге қатысушылар үшін Фестивальдің Ұйымдастыру комитеті Фестивальдің ережелері, талаптары мен күндерін қамтитын Бағдарлама әзірлейді (қосымша №1).
- 3.3 Фестивальге қатысушылар саны шектеусіз.
- 3.4 Фестивальге қатысу шарты - Қатысушы тіркеу формасын толтырып, уәждемелік (мотивация) хат жазуы керек.
- 3.5 Фестивальдің Ұйымдастыру комитеті Қатысушыларға aues.kz сайты арқылы фестивальдің шарттары мен уақыты туралы ақпарат береді.
- 3.6 Фестивальдің іріктеу кезеңіне қатысу үшін Қатысушының тіркелуі міндетті болып табылады және тіркеу формасының тиісті жолдары толық толтырылғаннан кейін жүзеге асырылады.
- 3.7 Ұйымдастыру комитеті анықтаған уақытта тіркелген Қатысушы Фестиваль кезеңдерін Ғаламторға қосылған компьютерден өтуі керек. Әр кезеңнен өткеннен кейін Қатысушы кезеңнің нәтижелерін және келесі кезеңнің тапсырмаларының толық тізімін жеке пошталарында әр тапсырма үшін максималды ұпаймен алады.
- 3.8 Фестиваль кезінде дау туындаған жағдайда Қатысушы Ұйымдастыру комитетіне электрондық пошта арқылы хабарласуға құқылы. Тест нәтижелері бойынша апелляция берілмейді.
- 3.9 Әр кезеңнің және әрбір Қатысушының барлық тапсырмаларын әділ қазылар алқасы бағалайды.
- 3.10 Бірінші кезеңнің қорытындысын шығарған кезде қазылар алқасының бағасына (бейне-эссе), инстаграм әлеуметтік желісіндегі лайк саны қосымша ескеріледі.
- 3.11. Үш кезеңнің қорытынды нәтижелерінде ең көп ұпай жинаған қатысушылар фестиваль жеңімпаздары болып табылады.

4. Талаптар мен қатысушыларды марапаттау

- 4.1. Фестиваль жеңімпаздарына оқу ақысына жеңілдікпен сертификаттар беріледі:
- 4.1.1 1-орын - бірінші оқу жылына 100% жеңілдік
- 4.1.2 2-орын - бірінші оқу жылына 50% жеңілдік
- 4.1.3 3-орын - бірінші оқу жылына 25% жеңілдік
- 4.1.4 200-ден жоғары балл алған барлық қатысушыларға бірінші оқу жылына 10% жеңілдікпен сертификаттар беріледі.
- Жеңілдік сертификатының иегерлеріне арнайы шарттар қолданылады:

Егер фестивальдің жеңімпазы немесе жүлдегері АЭЖБУ-ға қабылданғаннан кейін жиналған ұпайлар нәтижесінде мемлекеттік білім грантының иегері болса, онда келесі шарттар қолданылады:

4.1.5 1-орын – мемлекеттік білім беру грантына қосымша – оқудың бірінші жылы ішінде, студентте 70 (С+) балдан төмен емес үлгерім деңгейі сақталған жағдайда 30 000 (отыз мың) теңге (салықтар мен басқа да әлеуметтік аударымдарды қоспағанда) ай сайынғы шәкіртақы алады;

4.1.6 2-орын – мемлекеттік білім беру грантына қосымша – оқудың бірінші жылы ішінде, студентте 70 (С+) балдан төмен емес үлгерім деңгейі сақталған жағдайда 20 000 (жиырма мың) теңге (салықтар мен басқа да әлеуметтік аударымдарды қоспағанда) ай сайынғы шәкіртақы алады;

4.1.7 3-орын – мемлекеттік білім беру грантына қосымша – оқудың бірінші жылы ішінде, студентте 70 (С+) балдан төмен емес үлгерім деңгейі сақталған жағдайда 10 000 (он мың) теңге (салықтар мен басқа да әлеуметтік аударымдарды қоспағанда) ай сайынғы шәкіртақы алады;

4.2 Жүлде алған қатысушылар құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

4.2.1 орта білім туралы аттестат (мектептен кейін) / орта арнайы диплом (колледжден кейін), қосымшасы (түпнұсқа);

4.2.2 Білім грантын тағайындау туралы анықтама (болған жағдайда);

4.2.3 ҰБТ сертификаты өту балынан төмен емес;

4.2.4 3*4 фотосурет - 6 дана;

4.2.5 086-У нысандағы медициналық анықтама және флюорографияның фотосуреті (түпнұсқа);

4.2.6 Жеке куәлік (көшірме);

4.2.7 Тіркеу туралы куәлік немесе жігіттерге арналған әскери куәлік (көшірме).

4.3. Университет келесі жағдайларда жеңімпазға / жүлдегерге жеңілдік беруден бас тартуға құқылы:

4.3.1 Қатысушының құжаттардың толық емес пакетін ұсынуы;

4.3.2 АҒ басқа да Қатысушыларына қатысты қарым-қатынас бойынша артықшылықты жағдай алу мақсатымен АҒ Қатысушысының (үміткер) немесе басқа тұлғалардың осы АҒ Қатысушысының пайдасына әділетсіз әрекеттері болған жағдайда;

4.4 Егер АҒ жеңілдігінің иесі өз қалауы бойынша оқудан, оның ішінде басқа білім беру ұйымына ауысу бойынша шығарылса, онда ол өткен кезеңдегі оқу құнын оқуға қабылдау сәтіндегі оқу бағасы бойынша өтеуге міндетті болады.

5. Жеңілдіктер беру және қайтару тәртібі

- 5.1 Бір адамға бір уақытта жеңілдіктердің бірнеше түрі ұсыныла алмайды.
- 5.2 Университет келесі жағдайларда жеңілдік пен стипендияны алып тастауға құқылы:
- 5.2.1 Академиялық қарыз болған жағдайда
 - 5.2.2 Университеттің Ар-намыс кодексін бұзған жағдайда
 - 5.2.3 Студентті екінші оқу курсына қалдырған кезде
 - 5.2.4 Академиялық саясат талаптарына сәйкес келмейтін GPA деңгейінің төмен болуы (1.67-ден кем емес).
- 5.3 Осы Ереженің 5.2-тармағында көрсетілген жағдайларда АҒ жеңілдіктерінің иелері ақылы оқу жүйесіне ауысады.
- 5.4. АҒ гранттары / жеңілдіктері бойынша білім алушылардың үлгерімі туралы шынайы ақпаратты уақытылы беру тікелей институттарға жүктеледі.
- 5.5 Егер стипендия иегері / иесі мамандықты, оқыту тілін немесе академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуды өзгерту туралы шешім қабылдаса, стипендия / жеңілдік сақталады, бірақ академиялық айырмашылық, сондай-ақ стипендия немесе студенттік жеңілдік мөлшерін арттыратын басқа да шығындар студенттің есебінен жабылады.

6. Ұйымдастыру комитеті

- 6.1. Ректордың өкімі бойынша Фестивальді ұйымдастыру, өткізу және бақылау барысы үшін Фестивальдің ұйымдастыру комитеті құрылады, оның құрамына АҚ жөніндегі проректор, ЖСД, ТЖБ, МД, АМД өкілдері, институттар және Университет студенттерінің кәсіподақ ұйымы кіреді.
- 6.2 Ұйымдастыру комитеті Фестивальдің өткізілу күнін анықтау және / немесе кейінге қалдыру және бағдарламаны әзірлеу құқығын өзіне қалдырады.

7. Фестивальдің қазылар алқасы

- 7.1 Қазылар алқасының сандық құрамы Ректордың өкімі бойынша анықталады және бекітіледі.

8. Байланыс ақпараты

8.1 Фестивальге қатысу туралы сұрақтар Ұйымдастыру комитетінің auesfest@aues.kz электронды поштасы арқылы және Instagram әлеуметтік желісіндегі @aues_university парақшасында қабылданады.

9. Қорытынды

9.1 Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді. Осы Ереженің түпнұсқасы СМЖБ-да, көшірмелері бухгалтерияда, студенттік секторда, институт дирекцияларында сақталады.

9.2 Осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар Университеттің Ғылыми кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұсыныстар ретінде белгіленген тәртіппен қараластырылады және қабылданады.

9.3 Осы Ереже және оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

9.4 Университет Фестиваль шарттарын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Талапкерлерге арналған «AUES Fest» фестивалінің бағдарламасы

Фестиваль Университеттің барлық талапкерлері үшін өткізіледі және мектеп, колледж түлектеріне бағдарланған, сонымен қатар Бакалавриат бағдарламасында оқуға жеңілдіктер жеңіп алуға мүмкіндік береді.

| Кезеңдер | Өту күндері |
|--|-------------------------------|
| Онлайн тіркеу | 2020 ж. 6 мамыр – 20 мамыр |
| I кезең: Бейне-эссе | 2020 ж. 20 мамыр – 5 маусым |
| II кезең: Логикалық ойлауды тексеру | 2020 ж. 8 маусым – 12 маусым |
| III кезең: Жалпы білім беретін пәндер бойынша тестілеу | 2020 ж. 15 маусым – 20 маусым |

Қатысу шарттары:

Онлайн тіркеу:

- тіркеу формасының барлық жолдарын міндетті түрде толтыру;
- сенімді ақпарат беру;
- міндетті шарт - Фестивальге қатысуға уәждемелік хат жазу.

Бірінші кезең:

- Фестивальдің бірінші кезеңіне қатысу үшін, іріктеуден өткен әрбір Қатысушыға тіркеу формасында көрсетілген электрондық поштаға бейне-эссе дайындау тақырыбы мен бірінші кезеңнен өту бойынша нұсқаулықпен бірге электронды хат жіберіледі;
- түсірілім уақыты 30 секундтан 60 секундқа дейін;
- бейнежазба Қатысушының Instagram желісіндегі парақшасында @aues_university белгісімен және #auesfest2020, #энергияәрқашан, #дәлсолэнергия хэштегтерімен бірге салынады;
- уәждемелік хат пен бейнематериалдың тілі Қатысушы таңдаған тіл бөліміне сәйкес келуі керек (қазақ немесе орыс);
- қатысушының Instagram парақшасы фестиваль аяқталғанға дейін ашық тұруы керек;
- тапсырма 100 ұпайлық жеке бойынша бағаланады, онда қатысушы әділқазылар алқасынан 50 ұпай алады, қалған 50 ұпай инстаграмдағы жеке парақшасындағы лүпілдер санына сәйкес беріледі. (1 ұпай=15 лүпіл)

Екінші кезең:

- ашық сұрақтар мен жауап нұсқалары бар тест түрінде болады;
- әр қатысушыға arhit.test платформасында тестілеуден өту үшін тіркеу формасында белгіленген электронды поштасына жеке ID жіберелетін болады;
- сұрақтардың жалпы саны - 20, тест тапсыру уақыты - 20 минут;
- әр сұрақ 5 ұпаймен бағаланады;
- 50-ден төмен ұпай алған қатысушылар әрі қарай фестивальге қатыса алмайды.

Үшінші кезең:

- жалпы білім беретін пәндер бойынша тестілеу түрінде өткізіледі;
- тестілеу өткізілетін бөлімдер: физика, математика, ағылшын тілі, қазақ / орыс тілдері, жалпы пәндер (білімпаздық);
- сұрақтардың жалпы саны - 100, тапсыру уақыты - 90 минут;
- әр бөлімнің сұрақтары 20 ұпаймен бағаланады;
- сұрақтардың күрделілігі: қарапайым, бір дұрыс жауаппен;
- тестілеу arhit.test платформасында өтеді.

**** Назар аударыңыз!***

Университет Фестивальдің шарттары мен оған қатысу ережелерін, сондай-ақ сыртқы және ішкі факторларды өзгерткен кезде жеңілдіктер саны мен деңгейін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Фестиваль туралы ақпарат (Ереже, қосымша, шарттар мен өткізу күндерінің өзгертулуі және т.б.) АЭЖБУ ресми сайтында жарияланады.